

Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысының қаулысы

Астана қ.

2022 жылғы 24 қараша

ҮЕҰ-дың әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы даму перспективалары туралы

Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары ҮЕҰ-дың әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы даму перспективалары туралы ақпаратты тыңдап және талқылай отырып, төмендегілерді атап өтеді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы жыл сайын үкіметтік емес ұйымдарды арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бөлігінде қаржыландыруды жүзеге асырады. Қалада өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдар үшін стационар, жартылай стационар және үйде күтім жасау жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін 8 үкіметтік емес ұйым жұмыс істейді. Үкіметтік емес ұйымдар әзірленген стандарттар шеңберінде қызметтердің толық кешенін көрсетеді (1752 мүгедек адамға).

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Құқық» қоғамдық қоры кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың алдын алуға; кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауға, психологиялық, әлеуметтік және консультациялық-құқықтық көмек көрсетуге; кәмелетке толмағандар арасында есірткіні тұтынудың алдын алуға және нашарлыққа қарсы іс-қимылға; кәмелетке толмаған құқық бұзушылар мен аналары сотталған балаларды оңалтуға бағытталған әлеуметтік жобаларды іске асырады. Қаржыландырудың жалпы сомасы 48,44 млн. теңгені құрайды.

Сонымен қатар, Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары ҮЕҰ-дың әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы қызметі туралы ақпараттың толық ұсынылмағанын атап өтті.

Ережеге сәйкес «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) функцияларына қызмет мониторингін жүзеге асыру, ҮЕҰ қызметінің негізгі бағыттары бойынша ұсынымдар қалыптастыру,

Астана қаласының аумағында мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру және іске асыру жатады.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға сәйкес әкімдік, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдардың, ұйымдардың лауазымды адамдары белгіленген тәртіппен өз құзыретінің мәселелері бойынша тұрақты комиссияларға қажетті ақпаратты беруге міндетті.

Алайда Басқарма мәслихаттың сұрауы бойынша отырыс тақырыбы жөнінде ақпарат ұсынбады, бұл аталған мәселені жан-жақты қарауға мүмкіндік бермеді.

Сондай-ақ, ҮЕҰ-дың әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы қызметінің тиімділігі және олардың даму перспективалары туралы ақпарат ұсынылмаған.

Бұдан басқа, үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультациялық, әдістемелік қолдау көрсету шеңберінде 2019 жылғы деректерді және ҮЕҰ-мен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жөніндегі консультативтік кеңестің құрамы туралы бос бағандарды қамтитын Басқарманың интернет-ресурсындағы «Азаматтық қоғам» айдарын толтыру қажет. Бұл айдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру бойынша жоспарланған тақырыптар мен ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды орналастыру ұсынылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. ҮЕҰ-ның әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы даму перспективалары туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Жергілікті атқарушы органға (Астана қаласы әкімінің орынбасары Байкен Е.Б.):

әлеуметтік көмектің атаулылығы мен тиімділігін арттыру мақсатында мүгедек балаларды арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамту жөнінде толық ақпарат ұсыну;

«Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» ММ интернет-ресурсының «Азаматтық қоғам» айдарын толтыру жөнінде шаралар қабылдау;

ҮЕҰ-дың әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы қызметін бағалау және мониторингілеу жөнінде ұсыныстар, оның ішінде қызметтер бөлігін автоматтандыру жөнінде ұсыныстар беру;

ҮЕҰ-ды қаржыландырудың жыл сайын өсіп келе жатқанын назарға ала отырып, ҮЕҰ қызметіне, оның ішінде елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесіне тұрақты негізде мониторинг жүргізу;

елордадағы инфляцияның нақты деңгейін ескере отырып, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша тарифтерді ұлғайту мүмкіндігін қарастыру;

қажетті материалдық базасы бар үкіметтік емес ұйымдар көрсететін әлеуметтік қызметтерді ұзақ мерзімді жобаларға жатқызу жөнінде ұсыныстар енгізу;

мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсетілетін үкіметтік емес ұйымдарға осы адамдарға қызмет көрсететін инвентар қызметтерін беру перспективасын қарау;

әлеуметтік қызметтер порталында әлеуметтік қызметтер алатын тұлғалардың үкіметтік емес ұйымды таңдау мүмкіндігін зерделеу ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсыну қамтамасыз етілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**

 **А. Табулдина**


**Астана қаласы мәслихатының
заңдылық, құқық тәртібі және
жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**

 **Н. Көпешов**

**Астана қаласы мәслихатының
бюджет, экономика, өнеркәсіп және
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**

 **В. Сергеев**

**Астана қаласы мәслихатының
құрылыс, экология, көлік, сауда және
тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық
мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**

 **Б. Котырев**